




# Іскерлік белсенділік индексі

2025 Қазан

**2025 жылғы қазанда іскерлік белсенділік оң аймақта қалды.**

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы\*



\* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алыс (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.


**Іскерлік белсенділік индексі 2025 жылғы қазанда 50,6 болды (қыркүйекте – 50,9).**

Өндірісте, қызмет көрсету секторында және сауда саласында белсенділік сақталғаны байқалады — бұл салаларда индекс өсу аймағында қалып отыр: сәйкесінше **53,0, 50,6** және **50,2** (қыркүйекте – 52,9, 50,8 және 50,7). Құрылыс пен тау-кен өнеркәсібі салаларында көрсеткіштер теріс аймақта қалды, тау-кен өнеркәсібінде көрсеткіштің қыркүйектегі 49,4-тен қазанда **48,5**-ке дейін нашарлағаны байқалды, құрылыста көрсеткіш айтарлықтай өзгерген жоқ – **49,5**.

2-график. Қазан айындағы өңірлер бойынша ІБИ

**15 өңірде іскерлік белсенділік жақсарды.**


Индексстің ең жоғарғы мәні Алматы қаласында (57,9), ең төменгі мәні Абай облысында (45,1) тіркелді.



# Бизнес-ахуал индексі

**2025 жылғы қазанда бизнес жүргізудің келешек шарттарына қатысты оптимизм айтарлықтай төмендеді, осылайша бизнес-ахуал индексінің көрсеткіші 7,1 болды.**

3-график. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы\*




\* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

## Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, сұраныстың өсу қарқыны өзгеріссіз қалды.

Тау-кен өнеркәсібінде сұраныстың кенет төмендегені байқалды. Жалпы, респонденттердің бағалауынша, сұраныс оң бағаланды, ал қалған факторлар (коммуникацияға қолжетімділік, бизнесті қорғау мәселелері, салықтық жүктеме, қаржыға қолжетімділік) теріс бағаланды.

4-график. Секторлардағы сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)\*



\* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


5-график. Бизнес-цикл «сағаты»

2025 жылғы қазанда бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші өсу аймағында қалды.

Қазіргі бизнес-ахуалды бағалау көрсеткіші төмендеп, 2,3 болды.

Алдағы 6 ай бойынша келешек бизнес-ахуал бағасы 12,0-ге дейін төмендеді.

*\*Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (X осі бойынша) және келешек ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*



## ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

---

<sup>1</sup> Ақпарат нақты сектор мониторингiне қатысушы кәсiпорындар арасында ай сайын жүргiзiлетiн сауалнама нәтижесiне сай дайындалды.

<sup>2</sup> Искерлiк белсендiлiк индекci жаңа тапсырыстар көлемi, жұмыспен қамту деңгейi, жаңа өнiм көлемi, тауарлы-материалдық қорлардың көлемi, жеткiзу мерзiмi сияқты кәсiпорындар көрсеткiшiнiң жиынтық өзгерiсi ретiнде есептеледi.

<sup>3</sup> Искерлiк белсендiлiк индекciн есептеу үшiн диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбiр көрсеткiш бойынша оң жауап берген кәсiпорындар үлесiнiң және өзгерiссiз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледi) ретiнде есептеледi. Бұл индекс көрсеткiштiң өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

<sup>4</sup> Бизнес-ахуал индекciн (БАИ) есептеуде Ifo немiс зерттеу институтының әдiстемесiне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткiштерi (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтелiн өзгерiстерi (БЖ) бойынша жауаптар теңгерiмi (ЖТ) пайдаланылады:

$$БАИ^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(АЖ) + 200) * (\text{ЖТ}(БЖ) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерiмi

АЖ – ағымдағы экономикалық

жағдай БЖ – болашақтағы

экономикалық жағдай

<sup>5</sup> ЖТ (жауаптар теңгерiмi) бизнес-шарттардың өзгеруi туралы сұрақтарға берiлген оң және терiс жауаптардың үлесi арасындағы айырма ретiнде есептеледi. Кәсiпорындар ұсынылған үш жауаптың бiреуiн таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесi салмақтана отырып есептеледi.

<sup>6</sup> Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екi нөлдiк сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлiнген диаграмма (координаттар жүйесi). Олар iскерлiк жағдай тұрғысынан экономикалық циклдiң төрт кезеңiн бiлдiредi: көтерiлу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау терiс болса, ал күтулер оң болса – экономикасы көтерiлу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса – онда экономика өсу фазасында т.с.с.

<sup>7</sup> Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерiнен тазартылған.

<sup>8</sup> Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерiстер болуы мүмкiн.

<sup>9</sup> Секторлар бойынша егжей-тегжейлi ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелерi) дашбордта берiлген.